



Ғылыми мақала / Scientific article
XF7AP / IRSTI 21.15.61



<https://doi.org/10.32523/3080-1281-2025-153-4-91-104>

THE FORMATION OF BAPTISM: THE LEGACY OF JOHN SMYTH AND THE CONTEMPORARY RELIGIOUS CONTEXT

Didar MAMYRBAEV^a , Kalmakhan YERZHAN^a , Zhanbolat TOLOGON^a ,

Asan Suleimenov^b

^a*Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Almaty, Kazakhstan*

^b*Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*

kalmakhanyerzhan@gmail.com

Abstract. This article examines the preconditions for the formation and theological foundations of Baptism, as well as the evolution of the religious views of John Smyth, who stood at the origins of the movement. The study highlights the influence of the socio-political context of sixteenth- and seventeenth-century England on the emergence of Baptist congregations. Textual evidence indicates that, at the time of his self-baptism and the organization of the first Baptist congregation around 1609, Smyth still adhered to traditional Calvinist doctrines – election, reprobation, and original sin. By 1610, however, he openly rejected these tenets. The article traces the chronology and possible causes of this shift, with particular attention to Smyth’s interaction with the Waterlander Mennonites, which is presented as the main factor behind his doctrinal departure. Accordingly, it is argued – contrary to widespread opinion – that the first Baptist congregation was initially Calvinist in orientation but rapidly shifted under Arminian and Mennonite influence. The study systematically analyzes Smyth’s transition from Calvinism to Arminianism and subsequently to Mennonite influence, as well as his position on the doctrine of original sin. Furthermore, it explores the potential relevance of Smyth’s legacy for contemporary Baptism in Kazakhstan, focusing on the distinctive features of congregational beliefs, their historical development, and the internal classification of currents within the Baptist movement. The research is based on a comprehensive analysis of historical sources, theological works, and testimonies of Baptists themselves regarding the subjective experience of salvation (the work of the Holy Spirit).

Keywords: Baptism; John Smyth; Calvinism; Arminianism; Mennonites; Waterlanders; original sin; Baptism in Kazakhstan

For citation:

Mamyrbayev D., Yerzhan K., Tologon Zh., Suleimenov A. The formation of baptism: the legacy of John Smyth and the contemporary religious context // *Jete – Journal of Philosophy, Religious and Cultural Studies*. – 2025. – Vol. 153. – No. 4. – P. 91-104. <https://doi.org/10.32523/3080-1281-2025-153-4-91-104>.

БАПТИЗМНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ: ДЖОН СМИТ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ДІНИ КОНТЕКСТ

Дидар МАМЫРБАЕВ^а, Қалмахан ЕРЖАН^а, Жанболат ТОЛОГОН^а, Асан СҮЛЕЙМЕНОВ^б

^аНұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан

^бАбай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

ФОРМИРОВАНИЕ БАПТИЗМА: НАСЛЕДИЕ ДЖОНА СМИТА И СОВРЕМЕННЫЙ РЕЛИГИОЗНЫЙ КОНТЕКСТ

Дидар МАМЫРБАЕВ^а, Қалмахан ЕРЖАН^а, Жанболат ТОЛОГОН^а, Асан СҮЛЕЙМЕНОВ^б

^аЕгипетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан

^бКазахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан

Аңдатпа. Мақалада баптизмнің қалыптасу алғышарттары мен теологиялық негіздері, сондай-ақ оның бастауында тұрған Джон Смиттің діни көзқарастарының эволюциясы талданады. Зерттеу XVI-XVII ғасырлардағы Англияның әлеуметтік-саяси ахуалының баптистік қауымның құрылуына ықпалын көрсетеді. Мәтіндік деректер Смиттің өзін шомылдыруы мен алғашқы баптистік қауымды шамамен 1609 жылы ұйымдастыру кезеңінде оның әлі дәстүрлі кальвинистік сенімдерді – таңдалу, жазалануға ұшырау және бастапқы күнә – ұстанғанын аңғартады. Алайда 1610 жылға қарай ол бұл қағидаларды ашық түрде терістейді. Мақалада осы өзгерістің хронологиясы мен ықтимал себептері қарастырылып, бас тартудың негізгі факторы ретінде Уотерландер меннониттерімен байланыс ұсынылады. Осыған сәйкес, кең тараған пікірден өзгеше түрде, алғашқы баптистік қауым бастапқыда кальвинистік бағдарда болғанымен, қысқа мерзім ішінде арминиандық және меннониттік ықпалдарға жылдам ойысқаны дәлелденеді. Мақалада Смиттің кальвинизмнен арминианизмге, әрі қарай меннониттік ықпалға ауысуы, сонымен бірге бастапқы күнә мәселесіне қатысты ұстанымдары жүйелі талданады. Сондай-ақ қазіргі Қазақстандағы баптизмнің Смит мұрасымен ықтимал байланыстары, қауымдардың сенімдік ерекшеліктері мен тарихи дамуы қарастырылып, баптистік ағым ішіндегі бағыттарды жіктеу ұсынылады. Зерттеу тарихи деректер мен теологиялық еңбектерге, сондай-ақ баптистердің құтқарылуды субъективті сезінуі (Қасиетті Рухтың әсері) туралы куәліктеріне сүйенген кешенді талдауға негізделеді.

Түйін сөздер: баптизм; Джон Смит; кальвинизм; арминианизм; меннониттер; Уотерландер; бастапқы күнә; Қазақстандағы баптизм

Аннотация. В статье анализируются предпосылки формирования и богословские основы баптизма, а также эволюция религиозных взглядов Джона Смита, стоявшего у истоков движения. Исследование демонстрирует влияние социально-политической ситуации Англии XVI-XVII вв. на процесс становления баптистских общин. Текстовые источники показывают, что в период самокрещения и организации первой баптистской общины около 1609 года Смит продолжал придерживаться традиционных кальвинистских верований – учения об избрании, осуждении и первородном грехе. Однако к 1610 году он открыто отверг эти доктрины. В статье рассматриваются хронология и возможные причины данных изменений, среди которых ключевым фактором представляется его контакт с вотерландскими меннонитами. Таким образом, в отличие от распространенного мнения, доказывается, что первая баптистская община изначально имела кальвинистскую ориентацию, но в короткий срок перешла под влияние арминианских и меннонитских идей. В работе последовательно анализируется переход Смита от кальвинизма к арминианизму и далее к меннонитскому влиянию, а также его позиции относительно учения о первородном грехе. Кроме того, рассматриваются возможные связи наследия Смита с современным баптизмом в Казахстане, особенности вероучений и историческое развитие общин, а также предлагается классификация направлений внутри баптистского движения. Исследование основано на комплексном анализе исторических источников, богословских трудов и свидетельств самих баптистов о субъективном переживании спасения (воздействии Святого Духа).

Ключевые слова: баптизм; Джон Смит; кальвинизм; арминианизм; меннониты; вотерландцы; первородный грех; баптизм в Казахстане

Сілтеме жасау үшін:

Мамырбаев Д., Ержан Қ., Тологон Ж., Сүлейменов А. Баптизмнің қалыптасуы: Джон Смит мұрасы және қазіргі діни контекст // *Jete – Journal of Philosophy, Religious and Cultural Studies*. – 2025. – Vol. 153. – No. 4. – 91-104 бб. <https://doi.org/10.32523/3080-1281-2025-153-4-91-104>.

Кіріспе

Баптизмнің басталуы дәстүрлі түрде Джон Смит пен Томас Хелвис жетекшілік еткен, құрамында шамамен қырық адамнан тұрған сепаратистік топтың Амстердамда қалыптасуымен байланыстырылады. Бұл қауым шомылдыру рәсімін тек өз сенімін саналы түрде мойындағандарға ғана қолдану қажеттігін жариялады. Алдымен Смит өзін, кейіннен ізбасарларын шомылдыру рәсімінен өткізіп, жаңа қауым құрды. Осылайша олар баптистік қозғалыстың және Жалпы баптистік дәстүрдің бастамашысына айналды. Қауым өзін христиандықтың бұрмаланған әрі үзілген дәстүрін қайта жалғастырушы ретінде танытты.

Жалпы баптизм ағымдары арасындағы айырмашылықтарды түсінудің негізгі кілттерінің бірі – Смиттің сенім эволюциясы. Бұл мәселе қазіргі Қазақстанда да өзекті, себебі елде осы бағыттағы қауымдар қызмет атқарады. Теология профессоры Джейсон Ли өзінің *The Theology of John Smyth: Puritan, Separatist, Baptist, Mennonite* атты еңбегінде Смиттің экклезиологиялық (шіркеутану) жолын терең зерттеп, оның сотериологиялық (құтқарылу ілімі) ұстанымдарының өзгерісіне назар аударады. Зерттеу барысында Смиттің ағылшын пуританизмі мен сепаратизміндегі кальвинизмнен меннониттердің предестинацияға қарсы тұжырымдарына қарай бет бұрғаны айқындалады. Смиттің экклезиологиялық дамуы баптистік қозғалыс тарихында кеңінен қарастырылса, оның сотериологиялық өзгерістері салыстырмалы түрде аз зерттелген.

Осыған байланысты біз мына сұрақтарға назар аударамыз: Жалпы баптистік алғашқы шіркеу нақты қашан «баптистік» сипат алды? Смиттің өзін шомылдыруы мен арминиандық көзқарасқа көшуінде қандай факторлар шешуші рөл атқарды? Кейінгі тарихшылардың бірі Уайт Смиттің сәбилерді шомылдырудан не себепті бас тартқанын талдай келе: «Смиттің дәл сол уақытта голландиялық теолог Арминийдің көзқарасын қалай қабылдағаны туралы нақты дерек жоқ» деп жазады. Ал S.R. Holmes «When Did John Smyth Embrace 'Arminianism' – and Was the First Baptist Congregation 'Particular'?» атты мақаласында бұл мәселеге қатысты өзіндік нақты көзқарасын білдіреді.

Біздің зерттеуіміздің мақсаты – баптистік қозғалыстың қалыптасуына қатысты түрлі пікірлерді талдап, Джон Смиттің предестинация мен алғашқы күнәға байланысты ұстанымдарын өзге шіркеулердің көзқарастарымен салыстыру. Негізгі зерттеу сұрағымыз: 1609 жылғы шомылу рәсімінен кейін Смиттің жаңа қауымы бастапқы кальвинистік бағыттан қалай және қандай жағдайларда арминиандық ұстанымға ауысты? Сонымен қатар, қазіргі Қазақстандағы баптистік қауымдарда Джон Смит феноменінің орны қандай? Осы тұрғыда біз «Смиттің алғашқы күнәға байланысты көзқарасы қазіргі қазақстандық баптистердің сенімдік ерекшеліктерімен қаншалықты сәйкес келеді және баптизмдегі жеке сенім мәселесінде Қасиетті Рухтың ықпалы қалай көрініс табады?» деген сауалдарға жауап іздейміз.

XVI-XVII ғасырлардағы діни-саяси жағдайларда Англикан шіркеуін «папалық ықпалдан тазартуға» ұмтылған көптеген топтардың бірі ретінде қалыптасқан баптизм өзінің

ерекше теологиялық негіздерімен ерекшеленеді. Бүгінгі таңда оның тарихи бастаулары мен Смиттің рөлі діни зерттеулер мен тарих ғылымындағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Зерттеу әдіснамасы

Бұл зерттеуде тарихи-компаративті, аналитикалық және сипаттамалық әдістер қолданылды. Тарихи деректер мен құжаттар салыстырмалы талдау арқылы қарастырылып, әр кезеңдегі баптистік сенім ерекшеліктері контекстік негізде сарапталды. Теологиялық мәтіндер мәтіндік талдау (текстологиялық анализ) әдісімен зерттеліп, Джон Смиттің еңбектеріндегі догматикалық ерекшеліктер мен сенімдік ауысулар айқындалды. Сонымен қатар заманауи статистикалық мәліметтер мен далалық зерттеу нәтижелері интерпретациялау барысында пайдаланылды. Зерттеу ашық ғылыми дереккөздер мен ресми шіркеу статистикасына сүйенеді.

Материалдар мен тәсілдер

Зерттеу барысында мынадай дереккөздер пайдаланылды: Тарихи жазбалар мен құжаттар. Джон Смиттің теологиялық еңбектері – *Short Confession of Faith, A Paterne of True Prayer, The Character of the Beast* және басқа да шығармалар. Ғылыми зерттеулер. Stephen R., Mahmut A., Şinasi, Eric және White сынды зерттеушілердің еңбектері. Қазіргі дереккөздер. Қазақстандағы Евангелиялық Христиан-Баптистер Одағының ресми мәліметтері және *The Gospel in the Heart of Central Asia* баяндамасы. Салыстырмалы талдау материалдары. Католик, пуритан, меннонит және түрлі баптистік бағыттардың догматикалық ұстанымдары салыстырмалы кестелер арқылы қарастырылды.

Теологиялық талдау аясында негізгі христиан догматтарының – предестинация, алғашқы күнә, құтқарылу және Қасиетті Рухтың рөлі – мазмұндық ерекшеліктері зерттеліп, конфессиялық айырмашылықтар анықталды.

Талқылау

Баптизмнің негізін қалаушы Джон Смит және шамамен қырық адамнан тұратын сепаратистік қауым мүшелері Англиядан жер аударылды. Амстердамға қоныс аударған кезде олар шомылдыру рәсімі тек сенімін саналы түрде мойындағандарға ғана жасалуы тиіс деген тұжырымға келді. Осыған байланысты өздерінің сәби шақтарында қабылдаған шомылдыру рәсімін жарамсыз деп танып, бұрынғы қауымды таратты. Кейін, Смит алдымен өзін, содан соң Томас Хелвис пен қауым мүшелерін шомылдыру рәсімінен өткізді. Нәтижесінде христиан әлемінде жаңа қауым пайда болып, бұл оқиға баптистік қозғалыстың бастамасына айналады. Алғашында Смит пен оның қауымы калвинистік бағыттағы «жеке баптистік» ұстанымды ұстанса, көп ұзамай арминиандық сипаттағы «жалпы баптистік» сенімге ауысты (Stephen, 2021: 147). Смиттің христиандық догматикадағы передестинация мен алғашқы күнә мәселелерін дербес қайта қарастыруы баптизмнің дамуына өзіндік ерекшелік берді.

Баптистік бағыттың діни сенім жүйесі мен қауымның қалыптасу жолы әртүрлі сипатталғандықтан, оның нақты тарихи бастауын анықтау күрделі мәселе болып қала

береді. Зерттеушілердің пікірінше, «баптизм идеологтары діни сенім жүйесі белгілі бір тарихи сатыда емес, бірден, мәңгілік әрі толық күйінде қалыптасты деп санайды» (Митрохин, 1997: 192).

Олардың пайымдауынша, аталған қауым адамзатқа көктен түскен өзгермейтін құдайлық шындықты жеткізген әрі сол шындықтың «бұзылмаған» нұсқасын сақтап қалған жалғыз қауым болып табылады. Дегенмен мұндай түсіндірулер ғылыми орта үшін жеткілікті негіз бола алмайды. Ғылыми тұрғыдан алғанда, кез келген діни қауымның пайда болуын әлеуметтік-саяси жағдайлармен байланыстыра қарастыру қажет.

Зерттеушілер арасында баптизмнің пайда болуын түсіндіретін бірнеше көзқарас қалыптасқан. Оларды төрт негізгі топқа бөлуге болады:

I. Апостолдық сабақтастық тұжырымдамасы.

Бұл көзқарас бойынша баптизмнің бастауы Иса Мәсіхтің жердегі қызмет кезеңінен басталады. Дегенмен мұндай пікір айқын конфессиялық әрі апологетикалық сипатқа ие, тарихи негізден айырылған. Әдетте, ол өз қауымының бастапқылығын дәлелдеуге тырысатын діни бәсекелестіктің нәтижесі болып табылады. Мұндай схема христиандықпен қатар басқа діни дәстүрлерде де жиі қолданылады.

II. Ребаптистермен сабақтастық теориясы.

Бұл нұсқада баптистер тарихына сәбилерді шоқындыруға қарсы шыққан кез келген діни топтар енгізіледі. Олардың қатарына донатистер (V ғ.), Реформация дәуіріндегі анабаптистер мен меннониттер жатады. Кейбір зерттеушілер Джон Смиттің осы ағымдармен танысуы мен әрекеттесуі оны 1609 жылы алғашқы баптистік шіркеуді құруға итермеледі деп санайды. Дегенмен бұл көзқарас баптизмнің пайда болуын түсіндіретін ықпалдардың бірі ғана болып табылады.

III. Ағылшын сепаратизмімен байланысты көзқарас.

Бұл пікірге сәйкес, баптизм XVII ғасырдың 1640-1641 жылдары кальвинистік бағыттағы «жеке баптистердің» пайда болуымен байланыстырылады. Зерттеушілер олардың судың ішіне толық батыру арқылы шомылдыруды ресми түрде енгізген кезеңді баптизмнің басталуы ретінде қарастырады.

IV. Англикан шіркеуіне қарсылықтан туындаған көзқарас.

Тағы бір тұжырым бойынша, баптизм ұлттық сипаттағы себептерден Католик шіркеуінен бөлініп шыққан Англикан шіркеуіне қарсылық ретінде пайда болды. Түрік ғалымы Şinasi өзінің «*Hristiyanlık*» («Христиандық») атты еңбегінде: «Лютер – католик сенім жүйесін жаңғыртқысы келген реформатор, Кальвин – дінді түбегейлі өзгертуге ұмтылған тұлға. Сол сияқты баптизмнің пайда болуына англикан шіркеуінің ықпалы болды» деп көрсетеді (Şinasi, 2022: 200). Зерттеуші сондай-ақ: «Баптистер Англия корольдігінің саясиленген әрі ұлттық сипаттағы англикандық шіркеуіне наразы болып, ұсақ буржуазияның қолдауымен қарсы шықты» деп жазады (Şinasi, 2022: 201). Бұл қозғалыстың мақсаты англикандық шіркеуді папалық ықпалдан тазарту және үзілген христиандық сенімді қайта қалпына келтіру болды.

Расында Смиттің сенімінің қалыптасуы мен баптистік қауымды түсіну үшін XVI ғасырдағы Англия саясаты мен қоғамдық тарихына және осы діни жүйенің қалыптасу алғышарттарына үңілуіміз керек. Себебі бұл қауымның тарихы және Смиттің діни көзқарастарының қалыптасуы, Ағылшын корольдігі және олардың «протестанттық рухты» тойтару әрекеттерінен туындаған.

Баптизмнің пайда болу алғышарттары XVI ғасыр мен XVII ғасырдың басындағы әлеуметтік-қоғамдық және саяси қатынастармен тығыз байланысты. Махмут Айдын

өзінің «Hristiyanlik tarih, inanc ve uygulama» («Христиандықтың тарихы, сенімі және тәжірибесі») атты кітабында: «XVI ғасырда Англияда католик шіркеуінің бай мұрасы іске асып тұрды. Сондай-ақ Англия – күшті монархиялық және қуатты парламенттік христиан мемлекеті еді», – деп көрсетеді (Mahmut, 2022: 207). Сол себепті, Англияға корольдік билікті сүйемелдейтін ұлттық рухтағы шіркеу керек еді. XVI ғасырдың ортасында ұлттық компромистік сипаттағы Тюдор реформациясы пайда болды. Тюдор реформасы Лютер мен Калвиннің мақсатынан мүлде бөлек. Реформада папалық жүйені, әлеуметтік-саяси ықпалын корольдің құзіретіне ауыстыру және ұлттық діни идеология жасау маңызды тапсырма болды. Ағылшын реформасының басталуына VIII Генрихтің (1491-1547) жеке некесіне қатысты папа билігімен келіспеуі себеп болды. Ол Англикан шіркеуін құру міндетін Т. Кромвел мен Т. Мор сынды идеологтарға жүктеді. Реформа ірі буржуазияның мүддесіне сай келді және папалық құзыретті король билігіне шоғырландыруды мақсат етті. Нәтижесінде діни билік тікелей корольдің қолына өтті, ал VIII Генрих өзін Христостың жердегі өкілі ретінде жариялады. Діни билік пен ұлттық идеяны ұштастыру ағылшын монархиясына айтарлықтай саяси және әлеуметтік артықшылықтар берді.

Англиядағы дін мен мемлекеттің өзара ықпалдастығы, сондай-ақ христиандық ағымдар арасындағы қайшылықтар Джон Смиттің діни көзқарастарының қалып-тасуына елеулі ықпал етті. Ол Англикан шіркеуінің қызметінде жүрген кезінде қатаң кальвинистік бағыттағы пуритандардың (шіркеуді ішкі жағынан реформалауды көздегендер) және конгрегацияшылардың (шіркеуден бөлініп, дербес қауым құруды жақтаушылар) идеяларына назар аударды. Конгрегацияшылар монархиялық билікке қарсы болғанымен, зайырлы билікті мойындауды құптады. Сонымен бірге, олар сенуші ата-аналардың балалары болашақта имандылық жолына түсу ықтималдығы жоғары деген негізбен нәрестелерді су себу арқылы шоқындыру рәсімін қолдады. Алайда Смит бұл ұстанымдармен келіспей, әсіресе саяси билікпен ымыраға келу қағидасына және сәбилерді шомылдыру тәжірибесіне қарсы шығып, конгрегацияшылардан іргесін аулақ салды.

Джон Смиттің теологиялық ұстанымдарына тоқталсақ, 1609 жылы баптизмнің пайда болу кезеңінде ол кальвинистік дәстүрді жақтап, «жеке баптистік» бағытта болды. Бұл ілім бойынша құтқарылу тек Құдай таңдаған адамдарға ғана тиесілі, ал өзгелер мәңгілік азапқа ұшырайды. Дегенмен, баптизмнің алғашқы жылдарында-ақ Смит арминиандық көзқарасқа бет бұрып, «жалпы баптистік» сенімді қабылдады. Арминизмде адам өзінің ізденісі мен еңбегінің арқасында құтқарылуға ие бола алады деп түсіндіріледі.

Айта кетерлігі, Смит христиандықтағы орталық ұғымдардың бірі – «алғашқы күнә» ілімін жоққа шығарды. Зерттеушілер оның бұл шешіміне меннониттік ілімнің ықпалы ерекше болғанын атап өтеді. Мәселен, Stephen R. «*When Did John Smyth Embrace 'Arminianism' – and Was the First Baptist Congregation 'Particular'?*» («Джон Смит қашан “арминиандықты” қабылдады – және алғашқы баптистік қауым “партикулярлы” болды ма?») атты еңбегінде Смиттің Уотерландер меннониттерімен байланыс орнатуға ұмтылысын және олардың қауымын «нағыз шіркеу» деп мойындауын нақты дәлел ретінде келтіреді. Сондай-ақ, Елизавет дәуірінде пуритандық дәстүрлерден білім алған Смиттің алғашқы еңбектерінде кальвинистік түсініктер айқын байқалғанын, алайда 1610 жылға қарай ол бұл ұстанымдардан ресми түрде бас тартқанын көрсетеді (Stephen, 2021: 146).

Джон Смит (1570-1612) Англияның Линкольншир графтығында дүниеге келген. 1586 жылы ол Кембридж университетіне қабылданып, сол кезеңде сепаратистік

көзқарастарымен танымал Франсис Джонсонның шәкірті болды. 1590-жылдардың ортасында Линкольн епископы тарапынан діни қызметкер ретінде тағайындалып, шіркеуде қызмет атқарды. 1594 жылы магистр дәрежесін алып, 1598 жылға дейін Кембриджде ғылыми қызметін жалғастырды.

Дегенмен, Елизавета I дәуіріндегі діни реформаларға сын көзбен қарап, пуритандық ұстанымдарды ашық қолдады және түрлі пікірталастарға белсене қатысты. 1600 жылы Линкольндегі оқытушылық қызметке тағайындалғанымен, 1603 жылы епископтың шешімімен заңдық негізде қызметтен босатылды. Кейін 1604 жылы заңсыз діни жиналыс өткізгені үшін, ал 1606 жылы рұқсатсыз уағыз айтқаны үшін айыпталды. Бұл жайттар оның Англикан шіркеуінен барған сайын алшақтай түскенін көрсетеді.

1607 жылы Смит сепаратистік бағытты ресми түрде қабылдап, Гейнсбородағы сепаратистік қауымның пасторы болды. Қуғын-сүргінге ұшыраған бұл қауым 1607 жылдың екінші жартысы мен 1608 жылдың басында бірнеше кезеңмен Амстердамға қоныс аударды. Шомылдыру рәсімі шамамен 1608 жылдың соңында немесе 1609 жылдың басында жүзеге асқан деп есептеледі. Дегенмен, бұл оқиға Смит пен өзге сепаратистер арасында жаңа пікірталастар туындатты.

Бірақ көп ұзамай Смит өз қауымының басым бөлігін Уотерландер меннониттерімен бірігуге итермелей бастады, себебі оларды «ақиқат шіркеу» деп мойындады. Ал Томас Хелвис бастаған шағын топ бұл шешімге қарсы шығып, біраз уақыттан соң Англияға оралып кетті.

Джон Смиттің кальвинистік сенімдегі предестинация (алдын ала белгілеу) қағидасын ұстануы оның пуритандық және сепаратистік ортада қалыптасқандығының нәтижесі ретінде бағалануы мүмкін. Бұл жайтты оның 1605 жылы жазған *A Paterne of True Prayer* («Шынайы дұғаның үлгісі») атты еңбегінен байқауға болады. Кітапта құтқарылу іліміне арнайы бөлім арналмағанымен, мәтін ішінде предестинацияға қатысты тұжырымдар кездеседі. Мәселен, ол «таңдалмағандардың құтқарылуы мүмкін емес» деп жазады және сенушілерді «таңдалғандар» деп атап, егер адамның құтқарылмайтыны алдын ала белгілі болса, онда олар үшін дұға ету міндет емес деген пікір білдіреді. Мұндай көзқарастар Смиттің қосарлы алдын ала белгілеу қағидасын ұстанғанын айғақтайды. Ол мұнда сенімді және дұғалардың түсінікті әрі өз бетінше түсінікті тілде айтылуының артықшылығын да атап өткен. Сондай-ақ, Ол Құдайдың алдын ала құтқару шешімінің өзгермейтіндігін дәріптеп: егер бір адамды таңдап алынған болса, оның кейін құтқарылудан айырылуы мүмкін емес деп нақтылады. Осыны дәлелдеу үшін Смит арнайы уақыт бөлгені кальвинистік доктринаға берілгендігін көрсетті. 1609 жылдың басында өзі шомылу рәсімінен өтіп, баптизмді жариялаған кездің өзінде сенімі әлі ауыспағандығын байқаймыз. Ол, «The Character of the Beast» («Жыртқыштың сипаты») атты еңбегінде Ричард Клифтонға берген жауабы: «Сәбилер таңдап алынған болуы мүмкін, бірақ мен бұны білмегендіктен, оларды шомылдыру рәсімінен өткізе алмаймын» – деді (Smyth, 1609, para. 12). Бұл логика оның предестинацияға әлі де сенетінін көрсеткен.

Осылайша, Католик шіркеуінің кейінгі тарихи даму жолдары үш негізгі арнаға бұрылған деп қарастыруға болады. Біріншіден, римдік католицизмнен бөлініп шыққан ескі католиктер қалыптасты. Екіншіден, протестантизм негізінде анабаптистер, меннониттер, лютерандық қауымдар, амиштер және реформаланған шіркеулер пайда болды. Үшіншіден, Англикан шіркеуінің ықпалынан методистер, конгрегацияшылар және баптистер бөлініп шықты. Бұл жіктеу тиімді болып табылады, өйткені Англикан

шіркеуінің өзіне тән діни және саяси амбициялары жаңа ағымдардың қалыптасуына айрықша ықпал етті.

Смиттің арминиандық сенімге ауысуы. Джон Смиттің алдын ала белгілеу ілімінен бас тартқанын оның «*Short Confession of Faith in XX Articles*» («Иманның жиырма баптан тұратын қысқаша мойындауы») еңбегінен көруге болады. Бұл құжат Смиттің Нидерландтағы меннониттермен байланыс орнатқан кезеңінде қабылданған. Зерттеулерде құжаттың жазылу мерзімі шамамен 1609-1610 жылдармен байланыстырылып көрсетіледі. Егер пуритандық дәстүр қатаң кальвинистік предестинация қағидасын берік ұстанса, меннониттер оны толықтай қабылдамаған, керісінше құтқарылуды адам еркіне, таңдауына мән беретін гуманистік-антропоцентристік бағытта түсіндірді. Осы ықпалдың нәтижесінде Смит те арминиандық ұстанымға бет бұрды.

Құжатта Смиттің діни ұстанымы 20 баптан тұрады және екі баппен ерекшеленеді:

II бапта: «Құтқаруға байланысты – ешкім алдын ала таңдалмаған» деген өз-өзіне қарсы пікірі;

V бапта: «Алғашқы күнә деген жоқ – бүкіл күнә – нақты және ерікті әрекеттерден туындайды, сол себепті сәбилер күнәдан пәк» – деген.

Зерттеуші Wickman-ның, пікірінше Смиттің бұл көзқарасына Інжілдегі (Езекиел 18:20) аятын себеп болуы мүмкін деген ой айтқан, ол мәтінде: «Күнәкар – өзі өледі. Ұл әкесінің күнәсі үшін жаза тартпайды, ал әке де ұлының күнәсі үшін жаза тартпайды. Әділ жан өз әділдігі үшін, ал зұлым – өз зұлымдығы үшін ғана жаза тартады» (Киелі Кітап, 2001, Езекиел 18:20). Тағы бір себеп сол кезеңдегі «Уотерландер меннониттік мәтіндеріне тән жазбаларында, алғашқы күнәні жоққа шығаратын діни көсемдердің болғаны туралы хабарлар тараған». (Eric, 2020: 54). «Алғашқы күнә» ұғымына Августиннің ілімімен бекігенімен, оған қарсы топтар: V ғасырдағы пелагиандықтар, унитарийлер, қазіргі еркін баптистер және кейбір анабаптистердің тармақтары.

Осылайша ол, «Құдайдың рақымы адамзатқа ұсынылғандығын мойындады. Адамның сенімі мен жауапкершілігін нақты көрсетті. Тіпті сенушінің Құдай рақымына қарсы келіп, құтқарылудан айырылып қалуы мүмкін екендігін дәріптеді. «Алғашқы күнә» болмағандықтан балалар күнәсіз туылады, сондықтан оларды шомылдыруға тыйым салды. Бұл ұстанымы да бастапқыдағы сеніміне мүлдем қарсы болатын.

Бұл сенімге Смиттің ауысуының себептерінің бірін White пікірталастың әсері деп келтіреді: «Ол уақытта Нидерландыда арминилік пен кальвинизмдік топтар арасында пікірталастар асқынып тұрған және Смиттің сенім ауыстыруына ықпал етті» - деп жазады (White, n.d.).

Смит 1609 жылы Амстердамда алғашқы баптистік қауымды ұйымдастырды, ал төрт жылдан кейін, 1612 жылы өмірден өтті. Ол өзінің теологиялық ұстанымдарын өзгерткенімен, оның жолын қуғандар арасында әрі арминиандық, әрі кальвинистік бағыттағы қауымдар қалыптасты. Предестинация мәселесінде Джон Смиттің көзқарасы радикалды пуритандық түсінік пен меннониттердің толық терістеу ұстанымының арасындағы аралық позицияны құрады. Ал алғашқы күнә мәселесінде түрлі топтар христиандық дәстүрдің ортақ сенімін сақтап қалды.

1689 жылы Лондонда жазылған «Сенім декларациясы» және 1742 жылғы «Филадельфия ассоциациясы» сынды тарихи құжаттар кальвинистік ықпалда жазылған. Бұл құжаттарда предестинация мен алғашқы күнә мәселелері нақты баяндалады, мойындалады. «Құжатта Адам ата мен Хауа ананың күнәсі адамның табиғатын бұзды.

Күнә әрекеттен ғана емес, табиғи күй ретінде адамға жұққан. Адамдар рухани өлі, Құдайға жау және жақсылық жасауға қабілетсіз. Құтқарылу – тек Құдайдың рақымы арқылы мүмкін деген ұстанымға келеді (London Baptist Confession of Faith). XVII ғасырда Смитті сол ұстанымын қабылдап, жолына ерген топ «Генерал баптистер» болатын. Олар «Адам ата мен Хауа ананың күнәсі, ұрпағын күнәһар етпеді, бәлкім күнәға әлсіз табиғатын қалыптастырды» - деген топ еді. Қазіргі таңда Смиттің сенімін ұстанушы аздаған еркін баптистерде кездеседі. Джон Смиттің предестинация және алғашқы күнә ұстанымына деген өткір көзқарасы, кейінгі баптистік сенімге қабылданбады. Оның теологиясы мен кейбір ұстанымдары Інжілдің көлеңкесінде қалып, жұтылып кетті. Джон Смит кейінгі баптистердің танымында, қауымның негізін салушы ретінде танылмайды.

Кесте 1

№	Бағыттар	Предестинация мен алғашқы күнә туралы көзқарастары
1	Католик	Құдайдың барлығын алдын ала білуі және кейбір адамдарды құтқаруға таңдап белгілеуі мойындалады, алайда адамға бұл құтқаруды қабылдау немесе одан бас тарту еркіндігі беріледі. Ешкім алдын ала тозаққа үкім етілмейді. Сонымен қатар адам табиғатынан күнәлі болып дүниеге келеді.
2	Пуритан	Қатаң предестинация қағидасына сәйкес, Құдай кейбір адамдарды құтқаруға, ал басқаларын мәңгілік азапқа алдын ала белгілейді. Бұл ілімге сай, адамзат күнәлі табиғатпен дүниеге келеді және Адам атаның алғашқы күнәсін мұралайды.
3	Меннонит	Предестинацияға сенбейді немесе оны шектейді. Құдай барлығына құтқарылу мүмкіндігін береді. Адамзатта туа біткен күнәлі табиғат бар, бірақ күнә саналы әрекет.
4	Баптист	I Арминиан баптистер – предестинацияға сенеді, бірақ адамның еркіндігін, таңдауы мен сенімінің рөлін алға тартады. Алғашқы күнә себебі бар, бірақ Құдайдың рақымы тазалайды. II Кальвинистік баптистер – Құдайдың тәуелсіздігін биік қоя отырып, кейбір адамдардың таңдалуын мойындайды. Алғашқы күнә себебінен толық азғындаған. Құтқарылу – сенім арқылы, бірақ сенім – Құдай рақымымен келеді. III Еркін баптистер – предестинация жоқ. «Алғашқы күнәні» жұмсартып қабылдайды. Адам ата мен Хауа ананың күнәсі біздің табиғатымызды күнәһарлыққа бейім етті.

(Католик, пуритан, меннонит және баптистердің көзқарастары)

Қазіргі баптизмді жеке сенім концепциясы арқылы талдау маңызды. Біріншіден, дәл осы концепция баптизмнің тарихын анық көрсетеді және дәл анықтайды. Екіншіден, бұл түсінік баптистік моральды, сенушінің жүріс-тұрысын нормаларына қатысты көзқарастарды ұғынуға көмектеседі. Ақырында, дәл осы концепция баптизмнің табиғатын ашады және Джон Смиттің сенім жүйесіндегі ерекшелікті көрсетеді.

Баптистік ілімнің өзегін Иса Мәсіхтің құтқарушы миссиясы мен Қасиетті Рух арқылы қайта туу (құтқарылуға жету) туралы догма құрайды. Бұл догмалар қауымның және әрбір мүшесінің діни өмірінің негізі. Баптистік уағызшылар адам өзінің күшімен

әділдікке жете алмайтыны, моральдық тұрғыдан өзін жетілдіре алмайтыны және ең бастысы – құтқарыла алмайтыны туралы ой табанды түрде айтылады.

Тіпті адам Құдай сөзіне сай әрекет етіп, қайырымдылық жасап, сенім жолында азап шексе де, бұл оның құтқарылуына кепілдік бермейді. «Адамды ақтайтын сенім мен құтқарушыға деген махаббат – Құдайдың Рухының әсері арқылы ғана келеді». Бауырластық жаршысы атты журналда: «Рухани қайта туылу – бұл Құдайдан туылу... демек, бұл өзін-өзі жетілдіру емес». Құтқаратын – тек Құдай және Оның Қасиетті Рухының әсері ғана адамның «жоғарыдан қайта тууының» себебі болады. Осыдан басқа кез келген сенім – «дүниелік» сенім, ол адамды «рухани өлі» етеді және құтқарылуға жеткізе алмайды.

Жеке сенім мәселесіндегі Қасиетті Рухтың әсерін түсіндіріп берген орыс баптистік қозғалысының теологы И.В. Каргель (1849-1937) өзінің «В каком ты отношении к Духу Святому?» атты еңбегінде Рационалды сенімдегі кльерикалдың өзі құтқарылмаған болуы мүмкін дей келе: «Киелі кітапты мойындайтын, Мәсіхтің құрбандығына сенетін, Оның құтқарушы екеніне иланған адам «өлі сенімде» дейді. Ал, тірі сенімнің жалғыз қайнар көзі Қасиетті Рухтың демеуімен ғана болмақ. Қасиетті Рухтың әсерінсіз адам «қайта орала» да, «ақтала» да, «қайта туа» да алмайды» дейді (Каргель, n.d.). Олай болса, тірі сенімнің жалғыз көзі – Қасиетті Рухтың сенушіні Ізгі хабар арқылы оятып, жетелеуші деп атасақ болады. Мартин Лютер осы шекараны «Кіші катехизис» еңбегінде сипаттап берді: «Мен өз күшіммен, ақыл-ойыммен Иемізге сенуге де, Оған келуге де қауқарсыз екенімді мойындадым. Сондықтан, мені Інжіл арқылы Қасиетті Рух сенімімді оятты және өзінің сыйларымен нұрландырды» деп жазды (Robert, 1994). Баптизмнің сенім негізі Әке мен Ұлға сенім және адамды іштей жетелеуші Қасиетті Рухтың әсері деген тұжырымдамаға тоқтауға болады. Қазіргі баптистердің сенімінде Джон Смиттің перестенацияға байланысты ұстанымын алғашқы және кейінгі қалпында немесе үйлесімділікпен ұстанады. Бірақ алғашқы күнәға байланысты принциптерін ұстанушы топтар жоқтың қасы.

Елдегі қауымдардың құтқарылу мәселесінде алдын ала белгілеу шешуші мәнге ие емес, керісінше, Құдайдың алдын ала білгендігіне негізделеді. Яғни, Құдай әр адамның Оның шақыруын қабылдай ма, жоқ па – соны алдын ала біледі, деген ұстанымда. Ал, Құдайдың біреуді мәңгілік жазаға алдын ала белгілеуі мүмкін емес, себебі бұл Құдайдың барша адамзатты құтқарғысы келетіні туралы еркіне қайшы.

Қазіргі кезде Қазақстандағы Евангелиялшіл Христиан-Баптистер жалпы баптистердің ұстанымын көбірек қолдайды. Бірақ ішінара жеке баптистік сенімдегі пасторларды да кездестірдік. Жалпы, жеке және еркін баптистердің елдегі қызметтеріндегі тарататын сенім жүйесі көбінесе оқыған жерлеріне байланысты бөлінеді. Мысалы АҚШ-та, оқығандар жеке баптистік ұстанымды дәріптейді. Европа мен Ресейден және өзімізде Алматы Библиялық Институтында оқыған діни қызметкерлер жалпы баптистік сенімді насихаттайды. Ал, елге депортацияланып келген неміс, орыс ұлтынан құрылған жабық қауымдар, діни сенімдерін өз-орталарында ғана насихаттайды. Сенімдерін жасырын ұстайды, сұхбат барысында бөтен адаммен ауыл шаруашылығы, ауыр техника жайлы ғана сөйлеседі. Жеке, жалпы және еркін баптистерден киім үлгілерімен, өмір сүру қағидаларымен, сұхбатқа жабықтықпен және миссионерлікпен айналыспауымен ерекшеленеді. Бұл бағыт жеке зерттеуді қажет ететін қызықты тақырыптардың бірі.

Бірақ елдегі христиандар миссионерлік мақсат үшін сенімдегі әртүрлікті жоюға және бірегейлікті жариялау ниетінен байқалады. Бірегейліктің маңызы жайлы: «Redemptoris

Missio энциклика құжатында (1990) Рим Папасы Иоанн Павел II шіркеулердің табиғи болмысы миссионерлік сипатқа және бағыттардың міндеттері мен кедергі келтіретін негізгі факторларды мәдени алуандық, діни плюрализм және секуляризм деп көрсетті. Христиандық миссияда жолында сенімдегі әртүрлікке бөлінуді қойып ортақ мақсат жолында жұмылуды нұсқайды. Бұл құжат миссионерлік қызметтің жаһандық деңгейдегі теологиялық, мәдени және әлеуметтік өлшемдерін терең түсіндіруге бағытталады» (Redemptoris Missio, Latin and English edition, 1990).

Бірегейлікті өрбіту үшін 1999 жылы Қазақ пасторларының Құрылтайы құрылды. Құрылтай құрамына әртүрлі христиандық бағыттардан шыққан 12 қазақ пастор кірді. Бұл құрылым Дүниежүзілік Евангелиялық Альянсқа есеп беріп, көмек сұрап жолдаған хатында: «Түркі әлемі мен Орталық Азия мұсылман елдеріне дінді тарату мақсатында, қазақ тілді миссионерлерді дайындаудың тиімділігін дәлелдеген және елдің геостратегиялық орны мен мұсылман халықтарына мәдени жақындығы ескеріп қазақ тілді христиандарға қаржылай немесе христиан мектебін, миссионерлік оқу орталығын, аудио-визуалды студия, интернет-медиа, баспа үйі, радио-телеарна арналған студиясын, конференция залы мен ғибадатханалар салу қажеттілігі айтылған өтінген» болатын (The Gospel in the Heart of Central Asia. 2022).

Қазіргі таңда нақты және ашық статистикалық мәліметтер шектеулі. Дегенмен, қолжетімді ресми дереккөздерге сүйене отырып, 2023 жылы Қазақстандағы Евангелиялық Христиан Баптистер Одағының құрамында 9187 мүшенің тіркелгені хабарланған (Union of Evangelical Christian Baptists of Kazakhstan, 2023). Евангелиялық христиан-баптистердің шомылдыру рәсіміне қатысты жылдық ресми статистика деректері әзірге қолжетімді емес. Алайда жүргізілген далалық зерттеу нәтижелері мен конфессияның ресми интернет-ресурстарында жарияланған мәліметтерді саралай отырып, Қазақстанда жыл сайын шамамен 70-80 адамның баптистік сенімді қабылдайтынын болжауға негіз бар.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері Джон Смиттің діни көзқарастарының кальвинизмнен арминианизмге, одан әрі меннониттік ықпалға ойысуы баптизм тарихындағы шешуші кезең болғанын көрсетеді. Оның «алғашқы күн» ілімін теріске шығаруы мен предестинациядан бас тартуы тек жеке сенім эволюциясы емес, сонымен қатар жаңа діни қозғалыстың өзіндік ерекшелігін айқындады. Алғашқы баптистік қауым кальвинистік бағытта бастау алғанымен, қысқа мерзім ішінде арминиандық және меннониттік ықпалдарды бойына сіңіріп, «жалпы баптистік» дәстүрге жол ашты.

Қазіргі Қазақстандағы баптистік қауымдардың діни ерекшеліктерін талдау барысында Смиттің мұрасы тікелей сақталмағанымен, жеке сенімнің маңыздылығы, Қасиетті Рухтың құтқарылудағы рөлі және шомылдыру рәсімінің саналы таңдау арқылы қабылдануы оның ықпалының жанама түрде жалғасып отырғанын аңғартады. Бұл жағдай баптизмнің тарихи-теологиялық негіздері мен қазіргі әлеуметтік-мәдени контекст арасындағы сабақтастықты дәлелдейді.

Осылайша, баптизмнің қалыптасу тарихы Англиядағы XVI-XVII ғасырлардағы діни-саяси ахуалмен тығыз байланысты болса, бүгінгі күні ол Қазақстандағы діни әралуандылықтың маңызды құрамдас бөлігі ретінде өзіндік даму жолын жалғастыруда.

Авторлардың қосқан үлесі

Мамырбаев. Д. – мақаланың негізгі деректік мәселелер базасын қалыптастыру, зерттелу барысына, редакциясына жауап береді.

Ержан. Қ. – мақаланың барлық аспектілеріне, деректердің дұрыстығына, зерделеу, талдауға жауапты.

Тологон. Ж. – мақаланың әдістемесіне жауапты.

Сүлейменов. А. – мақала тақырыбы бойынша таңдауда ұсыныстар беру, басылымға журналды таңдауға көмектесу, мақала мәтінінің соңғы нұсқасын түзету бойынша ұсыныстар беру, зерттеу жұмысына қатысу.

Мүдделер қақтығысы

Бұл жұмыстың авторлары мүдделер қақтығысы жоқ екенін мәлімдейді.

Әдебиеттер тізімі

Wickman, E. (2020). General Baptist origins and original sin. BQ, 55.

Mahmut, A. (2021). Hristiyanlık: tarih, inanç ve uygulama. İstanbul: Ketebe.

Robert, E. (1994). Luther's little instruction book (The small catechism of Martin Luther) (Smith, Trans.). Sacred Texts. <https://sacred-texts.com/chr/luther/smallcat.htm>

John Paul II. (1990). Redemptoris missio (Latin and English). Vatican. https://www.vatican.va/content/john-paul-ii/en/encyclicals/documents/hf_jp-ii_enc_07121990_redemptoris-missio.html

Smyth, J. (1609). The character of the beast... R. Schilders. Early English Books Online 2. University of Michigan Library Digital Collections. <https://name.umd.umich.edu/A12552.0001.001>

Stephen, R. (2021). When did John Smyth embrace 'Arminianism' – and was the first Baptist congregation 'Particular'? Search Peer-Reviewed Journals and Articles, 52(4), 146–157. <https://doi.org/10.1080/0005576X.2021.1947651>

London Baptist Confession of Faith. (1689). <https://1689londonbaptistconfession.com>

Smyth, J. (1609). Short confession of faith in 20 articles. In Creeds and Confessions of the Church. <https://www.apuritansmind.com/creeds-and-confessions/short-confession-of-faith-in-20-articles-by-john-smyth>

The gospel in the heart of Central Asia. (2022). Christian Today. <https://www.christiantoday.com/news/the-gospel-in-the-heart-of-central-asia>

White, E. G. (n.d.). History of Protestantism. <https://m.egwwritings.org/en/book/899.2505>

Şinasi, G. (2022). Hristiyanlık. İstanbul: İSAM.

Братский Вестник. (1948). № 3, 41-бет. https://mbchurch.ru/publications/brotherly_pdf/?PAGEN_1=4

Киелі кітап. (2001). Таурат, Забур және Пайғамбарлар жазбаларының таңдамалы жиынтығы және Інжіл шариф. Стамбул: Жаңа Өмір баспасы.

Каргель, И. В. (n.d.). В каком ты отношении к Духу Святому? <https://equalibra.org/ru/book/v-kakom-ty-otnoshenii-k-duhu-svyatomu/>

References

Wickman, E. (2020). General Baptist origins and original sin. BQ, 55. [In English].

Mahmut, A. (2021). Hristiyanlık: tarih, inanç ve uygulama. İstanbul: Ketebe. [In Turkish].

Robert, E. (1994). Luther's little instruction book (The small catechism of Martin Luther) (Smith, Trans.). Sacred Texts. <https://sacred-texts.com/chr/luther/smallcat.htm>. [In English].

- John Paul II. (1990). *Redemptoris missio* (Latin and English). Vatican. https://www.vatican.va/content/john-paul-ii/en/encyclicals/documents/hf_jp-ii_enc_07121990_redemptoris-missio.html
- Smyth, J. (1609). The character of the beast... R. Schilders. Early English Books Online 2. University of Michigan Library Digital Collections. <https://name.umd.umich.edu/A12552.0001.001>. [In English].
- Stephen, R. (2021). When did John Smyth embrace 'Arminianism' – and was the first Baptist congregation 'Particular'? Search Peer-Reviewed Journals and Articles, 52(4), 146–157. <https://doi.org/10.1080/0005576X.2021.1947651>. [In English].
- London Baptist Confession of Faith. (1689). <https://1689londonbaptistconfession.com>. [In English].
- Smyth, J. (1609). Short confession of faith in 20 articles. In *Creeds and Confessions of the Church*. <https://www.apuritansmind.com/creeds-and-confessions/short-confession-of-faith-in-20-articles-by-john-smyth>. [In English].
- The gospel in the heart of Central Asia. (2022). Christian Today. <https://www.christiantoday.com/news/the-gospel-in-the-heart-of-central-asia>. [In English].
- White, E. G. (n.d.). History of Protestantism. <https://m.egwwritings.org/en/book/899.2505>. [In English].
- Şinasi, G. (2022). Hristiyanlık. İstanbul: İSAM. [In Turkish].
- Bratsky Vestnik. (1948). No. 3, page 41. https://mbchurch.ru/publications/brotherly_pdf/?PAGEN_1=4 [In Russian].
- Kieli kitap. (2001). Taurat, Zabur zhane Paygambarlar zhazbalarynyn tandamaly zhiyntygy zhane Inzhil sharif. İstanbul: Zhana Omir baspasy. [In Kazakh].
- Kargel', I. V. (n.d.). V kakom ty otnoshenii k Duhu Svyatomu? <https://equalibra.org/ru/book/v-kakom-ty-otnoshenii-k-duhu-svyatomu/> [In Russian].

Авторлар туралы мәлімет / Сведения об авторах / Information about authors:

Мамырбаев Дидар Жетпісұлы – Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің PhD докторанты, әл-Фараби даңғылы 73, Алматы, Қазақстан, dmamyrbaj@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-6591-6528>

Mamyrbayev Didar Zhetpisuly – PhD doctoral student Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, 73 al-Farabi Street, Almaty, Kazakhstan, dmamyrbaj@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-6591-6528>

Мамырбаев Дидар Жетписұлы – PhD докторант Египетского университета исламской культуры Нур-Мубарак, проспект аль-Фараби, 73, Алматы, Казахстан, dmamyrbaj@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-6591-6528>

Ержан Қалмахан Сейтұлы – PhD, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, ислам ілімдері факультеті, дінтану кафедрасының қауымдастырылған профессоры, әл-Фараби даңғылы 73, Алматы, Қазақстан, kalmakhanyerzhan@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0003-1951-5867>

Yerzhan Kalmakhan Seytuli – PhD, Associate Professor of the Department of Religious Studies of the Faculty of Islamic Studies, Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, 73 al-Farabi Street, Almaty, Kazakhstan, kalmakhanyerzhan@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0003-1951-5867>

Ержан Қалмахан Сейтұлы – PhD, ассоциированный профессор кафедры религиоведения факультета исламских наук Египетского университета исламской культуры Нур-Мубарак,

проспект аль-Фараби, 73, Алматы, Казахстан, kalmakhanyerzhan@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0003-1951-5867>

Тологон Жанболат – магистр, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, ислам ілімдері факультеті, дінтану кафедрасының аға оқытушысы, әл-Фараби даңғылы 73, Алматы, Қазақстан, zhagi85@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-2132-2642>

Tologon Zhanbolat – master's degree, senior lecturer of the Department of Religious Studies of the Faculty of Islamic Studies, Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, 73 al-Farabi Street, Almaty, Kazakhstan, zhagi85@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-2132-2642>

Тологон Жанболат – магистр, старший преподаватель кафедры религиоведения факультета исламских наук Египетского университета исламской культуры Нур-Мубарак, проспект аль-Фараби, 73, Алматы, Казахстан, zhagi85@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-2132-2642>

Сулейменов Асан – Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университетінің PhD докторанты, Төле би. Достық 13, Алматы, Қазақстан, asan.mukhanbet@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0007-1934-2130>

Suleimenov Asan – PhD doctoral student Abai Kazakh National Pedagogical University. Dostyk 13, Almaty, Kazakhstan, asan.mukhanbet@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0007-1934-2130>

Сулейменов Асан – PhD докторант Казахского национального педагогического университета имени Абая. Толе би, Достык 13, Алматы, Казахстан, asan.mukhanbet@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0007-1934-2130>

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 07.09.2025

Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 18.11.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 10.12.2025